



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Психологиялық қолдаудың өңірлік оқу-әдістемелік орталығы»
ККМ

ЖАДЫНАМА

*«Мектепте жайлы атмосфера құру»
(мұғалімдерге арналған)*

1. Мұғалімдердің қолдауы. Мұғалімдер әр оқушыға назар аударып, сыныпта құрмет пен сыйластықты қалыптастыра отырып, оқушыларды эмоциялық қолдауда маңызды рөл атқара алады.



2. Эмоционалдық тынығу аймақтарын ұйымдастыру. Сыныпта балалар күйзеліс жағдайларында демалып немесе жайлану үшін тыныш орын болуы тиіс. Бұл оларды артық жүктемемен күресуге және эмоционалдық тепе - теңдікті қалпына келтіруге көмектеседі.



3. Сыныптағы ашық пікірталастар. Балалардың эмоциялары мен олар кездесетін проблемаларды тұрақты түрде талқылау, олардың эмпатия дағдыларын дамытуға және басқалардың сезімдеріне құрметпен қарауға үйретеді.



4. Топтық іс-шаралар мен ойындар. Бір-біріне қолдау көрсету мен ынтымақтастыққа бағытталған ұжымдық тапсырмалар мен ойындар балалардың бір-бірін жақсы түсінуіне ықпал етеді және өзара көмектесуге негізделген атмосфераны қалыптастырады.

5. Эмоционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту. Эмоциялар, күйзеліс және оларды жеңу тәсілдеріне арналған сабақтар мен әңгімелер балаларға өз сезімдерін түсінуге көмектеседі және эмоционалдық қиындықтарға дұрыс жауап беруді үйретеді.

